



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

stydent jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№19 (444) 30 қараша,
2024 жыл



Құрметті әріптестер!

Халқымыз ғасырлар бойы аңсаған, желтоқсаншылардың өршіл рухынан нәр алған Тәуелсіздігімізге 16 желтоқсанда 33 жыл толғалы отыр. Сіздерді мемлекетіміздің осынау мәртебелі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінде ілгерілеу мен өркендеу жолындағы еліміздің қадамдары қарышты мен бастамалары табысты.

Мерейлі мерекемізге орай баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, ырыс-дәулет тілеймін. Қастерлі Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!



ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДАМУ ЖОЛЫ: ЖАҢА БЕЛЕСТЕР МЕН БОЛАШАҚ БАҒДАРЛАРЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбіткүл Каримова атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы есепті кездесу өткізді. Қазақстанның білім беру кеңістігінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті өзінің айрықша жетістіктерімен танымал. 2023-2024 оқу жылында университет аймақтық және халықаралық деңгейде беделін нығайтып, еліміздің білім жүйесінің көшбасшысы ретінде өзін көрсете білді. Олай болса, есепті кездесуде айтылған ақпараттарға бірсыпыра талдау жасасақ.

Халықаралық рейтингтердегі жетістіктер

Университет әлемдік білім беру жүйесіндегі орнын нығайтып, бірқатар беделді рейтингте жоғары көрсеткіштерге ие болды. QS World University Rankings-2025 тізімінде университет 1400+ үздік оқу орындарының қатарына енсе, QS Asia Rankings 2024-те 541-560 орындарды иеленді. Сонымен қатар, UI Green Metric World University Rankings-2023 рейтингінде 1015-ші орынға, ал Times Higher Education Global University Impact Rankings-2025 бойынша 1501+ позициясына тұрақтады. Бұл көрсеткіштер университеттің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін айқындап, оның даму әлеуетін көрсетеді.

Студенттер контингенті мен оқыту сапасы

2023-2024 оқу жылында университетте 10 512 студент білім алды, оның ішінде 4 905-і мемлекеттік грант иегерлері. Осы жылы еліміздің әртүрлі аймақтарынан 151 жаңа студент оқуға қабылданды. Университеттің

интернационалдық сипаты да артуда – Қытай, Монғолия, Өзбекстан және Ресейден келген 46 шетелдік студент білім алуда. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 138 студент шетелде білімін шындаса, университетімізге еліміздің басқа ЖОО-ларынан 81 студент келді.

Университет түлектерінің 85%-ы жұмысқа орналасып, кәсіби өмірде өз орындарын тауып келеді. Бұл жоғары оқу орнындағы білім беру сапасының және еңбек нарығына бейімделген оқу бағдарламаларының нәтижесі.

Ғылым мен инновация

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталған инвестициялар соңғы жылдары айтарлықтай артты. 2024 жылымен салыстырғанда 7 есеге жоғары. Университет ғалымдарының ғылыми мақалалары Scopus және Web of Science деректер базаларында жиі жарияланып, ғылыми-зерттеу нәтижелерін әлемге танытуда. Сонымен қатар, университет 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарға арнайы грант бөліп, ғылыми кадрлардың жана толқынын тәрбиелеуде.

Жасанды интеллект саласында мамандар даярлау университеттің жаңа бағытына айналды. Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп, «IT-кафедраларын қайта құрылымдау және жасанды интеллект мектебін құру» жобасы іске қосылды. Осы жоба аясында 2023 жылы Жасанды интеллект институты ашылды, ал 2024-2025 оқу жылында «AI архитектор» және «Деректерді басқару» қос диплом бағдарламалары енгізілмек.

ЖЕЛТОҚСАН – ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТТЫ

Гүлмира Баялиева

Азаттық аңсаған ұрпақтың арманы орындалып, ел Тәуелсіздігіне биыл 33 жыл толды. Осы Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қаншама жүрегі қазақ деп соққан халқымыз құрбан болды. Еліміздің басына төнген нәубет жылдардың арта қалғаны желтоқсаншылар үшін ұмыт болуы қиынға соғатыны даусыз. Қайтпас қайсарлығымен ерекшеленетін ел болғаннан кейін дегенімізге жеттік. Міне, осы сөзіміздің дәлелі Гүлмира Баялиева. Бүгінде білім ордамыздың ұстазы болған ол кезінде нәзік жанды болса да, ешкімнің дақпырт пікіріне қарамастан, өзінің ұлтжанды азаматша екенін дәлелдеп, елі үшін нар тәуекелге барды. Еліміздің көптен күткен Тәуелсіздігі алаңға шыққан әрбір боздақтың маңдай терімен, қанымен келгенін білеміз. Мәңгілік ел болуда ойып тұрып орын алатын Алаш зиялыларының орнын толтыра алмасын білсек те, дана Абай айтқан «Болмасаң да, ұқсап бақ!» кредосын мықтап ұстанамыз. Сондықтан да осы күнге жетуімізге ықпал еткен желтоқсаншы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Баялиевамен тілдесуді ұйғардык.

Жалғасы 2 бетте

Жалғасы 2 бетте

ЖЕЛТОҚСАН – ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТТЫ



- Желтоқсан айы жақындағанда қандай сезімде боласыз?

- Еліміздің бұл кезеңі туралы біраз дүние айтуға болады. Желтоқсан айы біреу үшін керемет мереке, біреу үшін қыз мезгілінің бастауы. Бірақ мен үшін желтоқсан айы – қасіретті ай. Осы ай жақындаған сәтте, теледидар мен басылымдардан шыққан әрбір ақпаратты көргенде жан-дүнием киналады. Негізінен ызғарлы желтоқсан айының осы бір күнін мереке ретінде тойлаудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

- Алаңға қалай бардыңыз? Оған не түрткі болды?

- Алаңға баруға ұлттық намыс жетеледі. Мен сол кезде ҚазҰУ-да 2 курс студенті болғанмын. Сабақ аяқталысымен топтастарымызбен жатақханаға қарай бет алдық. Корпустан шыққанда университетіміздің

бас ғимаратының алдында бір топ жастар жиналып тұрды. Қарасақ, заң және философия экономикалық факультетінің студенттері екен. Бұл факультетте ер азаматтар көп оқиды. Қолдарына «қазақ жерін қазақ басқарады» деген ұран жазылған парақтарды ұстап тұрды. Сол лекке біз де қосылдық. Осылайша, алаңға бәріміз жаяу бардық. Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным!» әнін жиналған жұртшылық болып шырқадық. Мұның арты үлкен дауға ұласады деп күтпедік. Кешқұрым уақытта мінберге адамдар шығып, «Халайық, кетіңдер! Кешке қарай күш қолданады» деген үндеулер айтылды. Олжас Сүлейменов, Бибігүл Төлегенова сынды ел азаматтары қайтуға шақырды. Біз жатақханаға қарай қайтқан болатынбыз. Сол кезде әрбір жастың бойында патриоттық сезім лаулап тұрған еді.

- Егер Желтоқсан болмағанда, Қазақстанның тәуелсіздікке жетуі мүмкін бе еді?

- Желтоқсан оқиғасына қатысты кездесулерге барған кезде жастардың жанарынан

ертегі тыңдап отырған сияқты байқалады. Негізінде бұл уақытта қаншама адам құрбан болды. Ішіміз алай-дүлей болып, жанымыз киналады. Себебі сол оқиғадан өзіміздің топтасым Қаныбек Бижанов дейтін азамат бақилық болды. Ол жатақханада емес, пәтерде тұратын. Кешкілік уақытта алаңға шыққанында әскери көліктер, су тасығыш көліктерге ыстық сулар толтырып халыққа шашқан екен. Алаңға шыққандарға жала жабылып, біраз зобаланды бастан өткерді. Алаңда үлкен прожектор айналып тұрды. Сол прожекторға түскен студенттер кейін оқудан шығарылды. Мұның бәрін айту, шыны керек, қиын. Сол себепті жастарымыз желтоқсан оқиғасын жіті біліп, ұлттық рухты оятуы керек. Тәуелсіздік алған тұста жастарымызға біршама мүмкіндік ашылды. Егеменді еліміздің болашағына үлес қосамын дейтін әрбір жас жақсы болуы керек. Бүгінгі жас ертенгі еліміздің тізгінін ұстайды. Еліміздің Тәуелсіздігі тұғырлы болсын!

Әңгімелескен Азамат АБИМОЛДА

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДАМУ ЖОЛЫ: ЖАҢА БЕЛЕСТЕР МЕН БОЛАШАҚ БАҒДАРЛАРЫ

Инфрақұрылымдық даму және цифрландыру

Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. 2024 жылы инфрақұрылымға 1,7 млрд теңге жұмсалып, жаңа зертханалар, дәрісханалар және спорт алаңдары ашылды. Кітапхананы жаңғырту мен заманауи агриум салу да алдағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Цифрландыру бағытында университет «Қорқыт Ата атындағы ҚУ цифрландырудың 20 қадамы» жобасын жүзеге асыруда. Бұл бастама оқу процесін автоматтандыруды, интернет жылдамдығын арттыруды және

электрондық құжат айналымын енгізуді көздейді.

Әлеуметтік қолдау және студенттік өмір

Студенттерге әлеуметтік қолдау көлемі жылдан жылға артып келеді. 2023-2024 оқу жылында 640 студент әртүрлі әлеуметтік көмек түрлерін алды. Университет спортшылары XII жазғы Универсиадада 37 медаль жеңіп алды, бұл жастардың жан-жақты дамуына жасалған жағдайларды көрсетеді.

Алдағы жоспарланған игі істер Университеттің болашақ жоспарлары ауқымды. Оқыту сапасын бақылауды күшейту, халықаралық рейтингтерде орын-

дарды жақсарту, шетелдік жетекші университеттермен серіктестікті нығайту, жас ғалымдардың үлесін арттыру – негізгі басымдықтар. Инфрақұрылымдық даму бойынша жаңа оқу ғимараттарын салу және дәрісханаларды жаңғырту жұмыстары жалғасатын болады.

Қорытындылай келе, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – аймақтық ғана емес, халықаралық деңгейде де үздік білім мен ғылым орталығына айналуға ұмтылып жатқан жоғары оқу орны. Оның жетістіктері мен байыпты бастамалары – білім беру саласының жаңа биіктерге көтерілуіне негіз болары сөзсіз.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ!

Егемен елдің ұрпағы болып, өмір сүру бұл әрбір жанның арманы. Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 33 жыл болды. Бұл айтулы мереке, себебі кей мемлекеттер үшін мәңгі қиял болып қалмақ. Бірінші Алланың, екінші қазақ деп жүрегі соққан аға-апаларымыздың ерлігімен жеткен жетістігіміз. Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира... еліміздің бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін құрбан болды. Бұл тізімді шексіз жалғастыра беруге болады.

Қазақ елі 33 жылда тарихы бай, ежелгі мәдениеті және қайталанбас табиғаты бар ұлы мемлекет бола алды. Мұз боп қатқан алауды тұтатып, тәуелсіздік байрағын 1991 жылы мәңгілік тәуелсіз ел болу үшін көтерді. 1991 жылғы желтоқсан – қазақ халқының тағдыры шешілген тарихи кезең. Тәуелсіздік жолындағы бұл күрес тек 1991 жылдың оқиғаларымен шектелмейді. Оның тамыры ғасырлар бойы елдің азаттығы үшін күрескен батырлар мен зиялылардың ерлігінде жатыр. Бүгінде 16 желтоқсан – Қазақстанның Тәуелсіздік күні ретінде жыл сайын тойла-

натын мемлекеттік мереке. Бұл тарихи оқиға – қазақ халқының еркіндік пен егемендікке деген ұмтылысының нақты көрінісі. 1991 жылдың желтоқсанындағы шешімдер елдікті нығайтып, тәуелсіздік идеясын іске асырған ұлы сәт болып қала бермек.

Тәуелсіздік тұғыры беки түскен кейінгі жылдары ата-бабаларымыздан аманаты осынау жауһар жәдігерлерді уақыт талабына сай саналы ұрпақ игілігіне айналдырудың аса қажеттігін білеміз. Тәуелсіздік бізге татулықты сыйлады. Алғашқыда қазақ ұлтының саны 42 пайыз болғаны бәрімізге белгілі. Жас мемлекеттің керегесін көтеріп, уығын қадауға басқа ұлт өкілдері де атсалысты. Көп ұлтты унитарлы мемлекет болу кемшілік емес екенін ұмытпаған жөн. Өз ұлтын сүюдің өзге ұлтты жек көру еместігін дәлелдедік.

«Тәуелсізбіз деп жариялағанмен, жаһандану талаптары туындаған кезде толыққанды тәуелсіздікке жете алмай жатқандардың саны аз емес. Қазақстан

Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық бөлесе бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін аркалап тұр», - деп әр онжылдыққа сипаттама береді. Төртінші онжылдыққа президентіміз қуатты ел боламыз деп болжам жасады. Шарықтап даму үстіндегі мемлекет болғаннан кейін, бұл белесті де бағындыратын күнде алыс емес.

Тәуелсіздік үшін күрес, мәңгі күрес екенін ұмытпайық. Өскелең ұрпақ тәуелсіздікті сақтауға тәулік бойы еңбектенетініне сеніміміз мол. Бүкіл әлем Қазақстан құлпы жоқ, тесік қақпа емес екенін біледі. Сол себепті Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Мәңгілік!

Амандық ДӘРІБАЙ,
Т-24-1 оқу тобының студенті

ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІ МӘЛІК ОТАРБАЕВ СЫР ЕЛІНЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен кездесу өтті. Жиынға Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбіткүл Қаримова модераторлық жасап, оқу орнында Жолдау аясындағы тапсырмалардың орындалу барысы туралы баяндады. Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, аймағымыздағы жоғары оқу орындарының ректорлары, оқытушылары мен студенттері қатысты. Мәлік Нұржанұлы жастарға қолдау білдіру Президенттің басты назарында екенін жеткізді. Президент кеңесшісі жастарға озық ойлы ұлтқа айналу үшін білім мен ғылымның қаншалықты маңызды екенін айтты.

“Ішкі мәдениет - білім мен ғылымның, мәдениет пен өнердің арқасында дамиды. Біз кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек. Қазіргі таңда ұлттық әдебиеттен алыстап барамыз. Әр салада бағыстың, шығыстың зерттеушілерін оқып, тәжірибе алмасуымыз керек. Дегенмен, қазақты қазақ етіп көрсететін - ұлттық әдебиет екенін ұмытпауымыз керек. Қай салада білім

алсақ та, қай салада қызмет етсек те ұлттық әдебиет осы уақытқа дейін қаймағымызды



бүзбаған. Сондықтан жастарды кітап оқуға шақырамын”, - деді Мәлік Нұржанұлы.

Сонымен қатар, Президенттің Құрылтайда

айтқан ұлттық бірегейлікті сақтаудағы ойларымен бөлісті. Жастарға Мемлекет басшысының кітапқа жақын екенін, бес тілді жетік білуі - білімнің арқасында екенін атап көрсетті. Мемлекеттік тілді сауатты меңгеруге, шет тілдерін үйренуге шақырды. Бұдан бөлек, нақты әрі сапалы ақпарат көздерін газет-журналдардан оқуға кеңес берді.

Қазіргі таңда Сыр елінде 3 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Атап айтсақ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Болашақ» университеті және «Қызылорда ашық» университеті. Кездесу барысында әр университет өкілі Президент Жолдауынан туындаған міндеттер бойынша оқу орнында атқарылған жұмыстардың нәтижесіне тоқталды. «Болашақ» университетінің ректоры Өмірбек Үмбетов, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жастар комитетінің төрағасы Нұрайым Сағнадинқызы, Қызылорда ашық университетінің Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы Медет Бақытжан баяндама жасады.

ҮНДІСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТУДА

Қазақстандағы Үндістан Елшілігінің жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығының қолдауымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері үшін йога бойынша шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара әлеуметтік қызмет ретінде ұйымдастырылып, студенттердің денсаулығын жақсарту, стрессті басқару және оның алдын алуға бағытталды. Қатысушылар йога мен медитация негіздерін меңгеріп, денсаулықты нығайту, күйзелісті азайту және өмір салтын жақсарту жолдарын үйренді.

Шеберлік сағатын тәжірибелі йога нұсқаушысы, Шапе қауымдастығының вице-президенті, Үндістаннан келген Снехал Кале ханым өткізді. Снехал Кале йога саласында жоғары кәсіби біліктілікке ие, ол Үндістанның AYUSHH министрлігінен QCI 2 деңгейіндегі сертификат алған. Сонымен қатар, ол Санскрит университетінің “Йогашастра” мамандығы бойынша магистр дәрежесіне ие.

Бұл іс-шара Үндістан мен Қазақстан арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты ілгерілетуге және екі ел арасындағы мәдени диалог арқылы халықтар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған.

Айта кету керек, 2021 жылдың қарашасында Қазақстандағы Үндістан Елшілігінің жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығының бастамасымен үнді бий, музыкасы және йога бойынша шеберлік сабақтары өткізілген, сондай-ақ университет кітапханасында “Үнді кітап бұрышы” ашылған болатын.

Снехал Кале ханымның шеберлік сағаты Халықаралық байланыс және психологиялық қолдау орталығының ұйымдастыруымен өтті.

БИЫЛ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖОБАСЫНА 20 МЛН ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жыл сайын жас ғалымдардың ғылыми ізденістерін қолдау мақсатында гранттар тағайындалады. Биыл гранттың жалпы сомасы 20 млн теңгеге артып, 15 жоба жеңімпаз атанды.

Бұл жас ғалымдардың ғылыми – зерттеу жұмыстары мен инновациялық жобаларын қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, университеттің ғылыми әлеуетін арттырып, өңірлік және республикалық деңгейде жанашыл зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік.

«Биыл Ректор грантының жалпы құны 20 млн теңгеге дейін ұлғайғаны бізге үлкен серпін берді. Бұл қолдау ғылыми мақалаларымызды беделді басылымдарда жариялауға, әрі жеке тұлға ретінде қалыптасуымызға зор мүмкіндік туғызды. Өз жобамда ауыл шаруашылығы саласының цифрлық трансформациясын мемлекеттік реттеудің заманауи моделін ұсынамын. Жоба

нәтижесінде ауыл шаруашылығын климаттық қаржыландыруды субсидиялаудың жаңа механизмін әзірлеп, ұсынатын боламын”, - деді жас ғалым Ағжан Сайлаубекқызы.

Университетте 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарға 2021 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы грант бөлініп келеді. Бүгінге дейін 33 жобаға жалпы көлемі 50 млн теңге қаржылай қолдау көрсетілді.

Айта кетейік, соңғы 4 жылда оқу орнында 2024 жылы ғылымнан түскен жалпы табыс 7 есеге өсті. Бұдан бөлек, профессор-оқытушылар құрамының индекстелген журналдарда мақала жариялау белсенділігі жыл сайын артып келеді. Нақты айтқанда, 2024 жылы Scopus деректер базасында 99 ғылыми мақала, Web of Science деректер базасында 50 ғылыми мақала жарияланды. Университет ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау үшін 8 ғылыми журнал шығарады.

ШЕТЕЛДІК ҚАНДАСТАРҒА 19 БІЛІМ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өткен есепті кездесуде шетелдік қандастарға 19 білім гранты табысталды. Бүгінде оқу ордасында Қытай, Моңғолия, Өзбекстан және Ресейден келген 46 шетелдік студент білім алууда.

“Қорқыт Ата университетінде тегін білім алуға мүмкіндік алғанымашын жүректен қуаныштымын және ризашылығымды білдіремін. Шетелде жүрген қандастар үшін бұл тарихи отанына келіп білім алу үлкен арман. Осы білім ордасында өз ана тілімде білім алу – мен үшін үлкен мәртебе әрі ерекше қуаныш”, - деді Ардақ Сандуғаш.

Айта кетейік, оқу ордасында жыл сайын білім алушылар саны артып келеді. Қазір университетте жалпы контингент саны 10

512 білім алушыны құрайды. Оның ішінде 4 905 студент мемлекеттік білім гранты бойынша оқиды. Биыл тұңғыш рет еліміздің өзге өңірлерінен 151 мектеп түлегі 1-курсқа қабылданды.



Халықаралық әріптестік аясы кеңеюде

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры Бейбіткүл Каримова, халықаралық байланыстар бөлімінің топ жетекшісі Темірболат Кеншінбай, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Баянәлі Досжанов 2024 жылғы 25-29 қараша аралығында Еуропалық Одақтың Еразмус+ бағдарламасы аясында Бельгия Корольдігіндегі Ховест қолданбалы ғылымдар университетінің шақыруымен іссапарға барды.

Университет ректоры Бейбіткүл Каримова іссапар барысында Ховест қолданбалы ғылымдар университетінің президенті Фредерик Д’ульстер мырзамен кездесіп, академиялық коллаборация, профессор-оқытушылар және білім алушылар алмасу бойынша келіссөздер жасап Меморандумға қол қойды.

Меморандум бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде Қорқыт

Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері бір академиялық кезеңге немесе бір оқу жылына тегін оқуға қол жеткізілді. Өз кезегінде Фредерик Д’ульстер мырза Ховест университеті де ІТ саласы бойынша Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетімен әріптес екеніне тоқталды. Сонымен қатар, 3 университет арасындағы байланысты дамыту үлкен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін айтты.

Делегация сондай-ақ, Ховест қолданбалы ғылымдар университетінің Кортрейк, Брюгге қалаларындағы кампустарымен, заманауи үлгіде жабдықталған дәрісханаларымен, зертханаларымен, өндірістік базаларымен танысты. «Ақпараттық технологиялар» департаментінің жетекшісі Уильям Шокколе мырзамен, «СмартТех» кластерінің академиялық директоры Воутер Гевертпен оқу бағдарламалары жөнінде, профессор-оқытушылар Клаудия Икхаутпен, Воутер Вейрдермен, Иоахим Франсуамен оқытудың

жаңа технологиялары және әдістері туралы пікір алмасты. Ховест университетінде академиялық ұтқырлықпен оқып жүрген Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерімен кездесу өткізілді.



QS ASIA UNIVERSITY RANKINGS 2025 – АЗИЯНЫҢ ЕҢ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР ЖАҢА РЕЙТИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ: ІЛГЕРІГЕ ҰМТЫЛЫС

QS World University Rankings рейтингі 2004 жылдан бері жүргізілуде, оған қазақстандық жоғары оқу орындары 2013 жылдан бері қатысып келеді.

QS World University Rankings әлемдегі үздік университеттердің флагмандық рейтингінде қазақстандық ЖОО-лардың саны соңғы төрт жылда екі еседен астам өсті, ал соңғы үш жылда 14-тен 21 университетке дейін бір жарым есеге өсті. Пәндік рейтингтерде қазақстандық жоғары оқу орындарының саны төрт жылда төрт есеге өсті (2 жоғары оқу орнынан 8 университетке дейін).

QS Sustainability Rankings тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу саласындағы әлемнің үздік университеттерінің рейтингі ерекше орын алады, оның соңғы шығарылымында бірден 12 қазақстандық ЖОО дебют жасап, «Басқару моделі» индикаторы бойынша барышына сенімді нәтижелерді көрсетті.

QS Stars бағдарламасына қатысушы қазақстандық жоғары оқу орындарының саны соңғы үш жылда 22-ге дейін өсті. Бұл

бағдарлама бедел мен ғылыми өнімділіктен инклюзивтілікке және орнықты дамуға қосқан үлесіне дейін әр университеттің ерекше мықты жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін тәуелсіз аудит нәтижелерінің арқасында еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына шет елдерден дарынды студенттер мен оқытушыларды тарту бойынша жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

2024 жылғы қыркүйекте QS Global MBA Rankings үздік MBA бағдарламаларының рейтингтері жарияланды, онда 2016 жылдан бері алғаш рет қазақстандық жоғары оқу орындарының қатысуы бірден үшке дейін артты.

Сондай-ақ Қазақстан QS Best Student Cities Rankings әлемнің үздік студенттік қалалары рейтингінде ұсынылған, оған еліміздің екі қаласы – Астана және Алматы кіреді.

Жоғарыда аталған рейтингтердің соңғы екеуінде – QS Global MBA Rankings және QS Best Student Cities Rankings – Орталық Азия елдерінен тек Қазақстан ғана ұсынылған.

Азия рейтингінің жаңа шығарылымында 25

ел мен аумақтан 985 ЖОО бар. Қазақстандық жоғары оқу орындары үшін ең үлкен бәсекелестікті Үндістан, Қытай, Жапония және Оңтүстік Кореяның жоғары оқу орындары құрайды.

Жаңа шығарылым рейтингке қатысушы қазақстандық жоғары оқу орындарының позицияларының әсерлі серпінімен ерекшеленді, олардың үштен екісі бытырғы нәтижелерін жақсартты.

2025 жылғы Азияның үздік университеттерінің жаңа рейтингі QS Asia University Rankings 2025 құрамына 34 қазақстандық ЖОО кіреді, бұл ел тарихындағы жоғары білімнің абсолютті рекорды болып отыр.

22 ЖОО өз позицияларын жақсартты, үш ЖОО өз позицияларын сақтады, бір ЖОО – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – бір жылдық үзілістен кейін рейтингке оралды. Еліміздің жетекші үш жоғары оқу орны рейтингтің бірінші жүздігінде тұр, оған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және қазір 89-орында тұрған Satbayev University кіреді. Қазақстан бедел көрсеткіштерін де едәуір арттырды: рейтингке қатысушы қазақстандық жоғары оқу орындарының 77%-ы академиялық бедел бойынша және 89%-ы жұмыс берушілер арасындағы бедел бойынша өз нәтижелерін жақсартты.

Осылайша, қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық академиялық және жұмыс берушілер қауымдастықтарындағы беделі нығая түсуде. Білім беру ортасының жоғары сапасы рейтингке қатысушы қазақстандық жоғары оқу орындарының басты бәсекелестік артықшылығы болып қала береді, бұған оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы индикаторы бойынша олардың нәтижелері дәлел бола алады.



УНИВЕРСИТЕТ ЖАСАҒАН МҮМКІНДІК: ӨТКЕН МЕН БҮГІННІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар, мындаған жастың арманын жүзеге асырып, өмір жолына қанат қақтырған қасиетті мекен. Бүгінгі таңда университеттен түлеп ұшқан түлектер еліміздің түкпір-түкпірінде өз салаларының маманы ретінде абыроймен еңбек етіп жүр. Олар университет қабырғасында алған білімдерін, жинаған тәжірибелерін өмір жолдарында шеберлікпен қолданып, қоғамның дамуына өз үлестерін қосуда.

Сол себепті университет түлектеріне арналған “Алдыңғы толқын” атты рубрика ашуды жөн санадық. Олардың тәжірибесі мен ойлары қазіргі және болашақ студенттерге үлгі болып, алға қойған мақсаттарына сенімді қадам басуға шабыт береді.

Ізден Анар Жарылқасынқызы, «Қызылорда облысы» ҰЕҰ Альянсының жетекшісі: Университет – менің альма-матерім



- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – менің альма-матерім. Бірнеше жыл бұрын осы университеттің құрамындағы педагогикалық институтты тәмамдаған болатынмын. Өткен жылы магистратураға түсуге мүмкіндік алдым, бұл менің ғылыми-зерттеу дағдыларымды жетілдіруге және жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуде.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы азаматтық қоғамда еңбек етемін. Магистратура аясында «Қазақстандағы ҰЕҰ секторына мемлекеттік қолдау» тақырыбында зерттеу жүргізіп жатырмын. Зерттеу нәтижелері қоғам үшін қызықты әрі құнды болады деп сенемін.

ҰЕҰ-ның қызметі тек Қазақстанда ғана емес, әлеуметтік мәселелерді шешуде білік пен азаматтарды біріктіру механизмі ретінде өзекті болып табылады. ҰЕҰ саласындағы 25 жылдық тәжірибем қазір теориялық білімдермен ұштасып, мемлекеттік органдарға, бизнеске, академиялық ортаға және халықаралық донор ұйымдарға ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

- Оқу барысында Сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Орта мектепті тәмамдағаннан кейінгі білім туралы айтсақ, ең алдымен кәсіби даму туралы айтар едім. Институтта менің сүйікті пәндерім әдебиет теориясы, аударма теориясы және фонетика болды. Жазғанды ұнататын адам ретінде «сөзді сезінуді» үйреніп, әдеби едістерді қолдана алдым.

Магистратурада өзімді ғылым саласында жұмыс істейтін адам ретінде түсінуді бастадым. Бұл тек интеллектуалдық қабілетті дамытып қоймай, жеке тұлғалық қасиеттер мен тәртіпті де жетілдіреді. Сонымен қатар, қоғамдық сенімді арттырудағы ғылымның роліне қызығушылық туды.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

- Менің ұсынымым кәсіби дағдылардан бөлек, мәдениетке ден қою. Жастарға әлемдік әдебиет пен өнерге қызығушылық танытып, шығармашылық қабілетті дамытуға кеңес беремін. Музыка, театр, опера, балетке бару ой-өрісті кеңейтіп, зерттеу қабілетін қалыптастырады. Музыка мен әдебиет оқу үдерісінде үлкен көмекші бола алады.

- Университетте сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол сізге қалай көмектесті?

- Институтта диплом жұмысын жазу кезінде жетекші «мен» есімдігін жиі қолданбау керектігін айтты. Бұл кеңес кейін кәсіби және жеке қарым-қатынастарда өте пайдалы болды.

Магистратура кезінде мен өмірдің жаңа кезеңін бастан өткеріп, өзімді жаңа қырынан таныдым. Бұл оқу жылдамдық пен тәртіпке үйретті, сондай-ақ басқаларға артық қамқорлық көрсетпеді түсіндірді.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансапты сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

- Уақытты жоғалтпау керек. Тиімді жағдайды күтіп отырмай, нәтижеге жетуге бар күшті салу қажет. Уақыт – ең құнды ресурс.

Ибадуллаева Динара Дүйсенбекқызы, Сырдария аудандық мәслихат депутаты, Қоғалықөкіл ауылдық клуб үйі КМҚК басшысы: Универси- тет білікті кадр болуыма жол ашты



- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен үшін маңызды да орны да бөлек білім ордасы. Алтын ұя мектебімді аяқтағаннан кейін білімімді кеңейтіп, тереңдеуіне үлкен көмегім тигізді. Кәсіби жағынан өзімді-өзім айқындап, білікті кадр болуыма жол ашты.

- Оқу барысында Сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Мен бала кезімнен өте тұйық, ұяң қыз болып өстім. Соған қарамастан қазіргі таңда қоғамдық жұмысты да, басшылық қызметімді де сабырлықты сақтай отырып, абыроймен ойлаған арман-мақсаттарыма жетудемін.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

- Кәсіби мықты басқарушы болып ешкімде туылмайды ол уақытпен келеді. Әр студентке айтарым салауатты өмір салтын сақтаңыз, өзіңізге айқын мақсат қоя біліңіз. Күнделікті ісінді жоспарлай отырып сол арқылы нақты шешім шығарып нәтижеге қол жеткізіңіз демекпін.

- Университетте сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол сізге қалай көмектесті?

- Университетіміздің білікті ұстаздары әр студенттің болашағына сенім артуы бізге үлкен жігер берді. Жақсы, мықты, жан-жақты кадр бола білуді үйретті. Сол үшін ұстаздарыма

алғысымды білдіремін.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансапты сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

- Студенттерге айтарым, алға қойған мақсаттарыңызды айқындап, соған қол жеткізіңіздер. Алып жатқан білімдеріңізді ұштау арқылы кедергілерден мойымай, алға қарай ұмтылу керектігін айтқым келеді.

Дәуренбеков Қуаныш Қойшығұлұлы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттік мәселелер жөніндегі департамент директоры, техника ғылымдарының кандидаты



- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

- Университетте білім алып, жұмыс жасауым арқылы маған әлемдік деңгейге шығып, тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін берді.

- Оқу барысында Сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Ең бастысы – жауапкершілікті болу және уақытпен санаспай күнделікті тәжірибе жинақтау.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

- Ең басты назар аудару керек дағдылар мыналар деп есептеймін: бірнеше тілді практикалық тұрғыда игеру, керек ақпараттарды сараптай білу және іскерлік қарым-қатынасты дамыту. Бұл дағдылар Z және «Альфа» ұрпақтарға қажетті ең басты дағдылар болып табылады.

- Университетте сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол сізге қалай көмектесті?

- Университет басшылығының студент жастарды қолдауы, яғни, студенттік кезеңде жарты жүктемде болса да ресми жұмыс жасау арқылы тәжірибе жинақтау. Өзім студент болып жүріп осы университеттің «Бағдарламалармен қамтамасыз ету» бөлімінің бағдарламалаушысы болып жұмыс бастадым. Ол өз кезегінде тәжірибе жинақтауға үлкен жол ашты деп айтуға болады.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансапты сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

- Ең алдымен жасайтын жұмысты ұнату, мақсат қойып, оған жету қадамдарын нақтылап, әрбір уақытты жоспарлай білу.

ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ - МАМАНДЫҒЫҢДЫ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ТАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Рахат Құрманбаев

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 6 профессор-оқытушысы «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында шет елде біліктіліктерін арттыруда. Олардың қатарында биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Рахат Құрманбаев бар.

Рахат Хамитұлы - АҚШ-тың Иллинойс университетінде ғылыми тағылымдамадан өтуде. Медиа орталық журналисті ғалыммен онлайн байланысқа шығып, сауалдарын жолдады. Назарларыңызға “Біздің ғалым” жана айдарына жарияланған алғашқы сұқбатты ұсынамыз.

- Шет елде білім алу тәжірибесі сіз үшін қалай өтуде?

- «500 ғалым» жобасы Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған және әлемнің жетекші университеттерінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Осы бағдарламаның арқасында АҚШ-тың ғалымдарының жеке дәрістеріне, тілдік дағдыларды арттыру мақсатында әртүрлі семинарлар мен академиялық іс-шараларға қатысу арқылы кәсіби білімімді шыңдаудамын. Алдағы уақытта еліміздің білім беру жүйесін дамытуға өз үлесімді қосуға ниеттімін.

Америка Құрама Штаттары білім беруге ерекше көңіл бөледі және бұл бағыт бойынша дамыған елдердің бірі болып саналады. Мұнда білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін үздік басқару әдістері мен стратегиялары қолданылады.

- Білім беру жүйесінде айырмашылықтар бар ма?

- Әрине бар, себебі бүгінгі таңда Америка Құрама Штаттары ғылыми-зерттеу жұмыстарында, озық технологияларды құру мен жүзеге асыруда, экономиканы, өнеркәсіпті дамытуда әлемдік көшбасшы мемлекет болып табылады. Соның ішінде Урбана-Шампейндегі Иллинойс университеті (UIUC) - АҚШ-тағы жетекші зерттеу университеттерінің бірі. Университет 1867 жылы құрылған және АҚШ-тағы ең үздік университеттердің бірі болып табылады. UIUC әлемдегі ең үздік 50 университеттің қатарына кіреді. Әсіресе жаратылыстану, инженерия, информатика және бизнес саласындағы білім, ғылым, өндірістік бағдарламаларымен танымал.

- Оқу барысында қандай қиындықтар болды? Тілдік жағынан кедергі болды ма?

- Жалпы кез келген ортаның ауысуына байланысты адаптация болады, ол табиғи нәрсе.

Қазақстан мен АҚШ арасында жазғы уақытта 10 сағат айырмашылық бар. Сонымен қатар алғашқы айы ұзақ мерзімге пәтер табу деген сияқты мәселелер болды. Бұның бәрі физиологиялық, тұрмыстық майда-шұйда нәрселер. Бірақ негізгі қиындық, ол тілдік барьер. Себебі, Америка университетінің тілдік ортасына түскенде, барлығы қарым-қатынас шеңберіне қосыла алмайды екен, оған алдын ала практикалық құзыреттіліктер қажет.

- Қазақстанға келген соң жоспарыңыз қандай?

- Ғылыми тағылымдама аяқталғаннан кейін

негізгі талабы - тілдік құзыреттілік. Әр ғалымның алдындағы бүгінгі талап – әр түрлі мерзімді сыртқы академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру. Меніңше, бұл да шетелдік университетте жұмыс жасаудың тиімді бір түрі.

Осындай бағдарламалардың арқасында тағылымдамадан өтіп жатқан әрбір ғалым өз мақсаттарына жету үшін бұл уақытты тиімді пайдалануға тырысуы керек. Демек, «500 ғалым» жобасы Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосады. Сонымен қатар, академиялық ұтқырлық



алған білімім мен дағдыларымды практикада қолдана отырып, кафедраның, институттың академиялық және зерттеу салаларын одан әрі дамытуға өз үлесімді қосқым келеді. Сондықтан алдағы уақытта ғылыми жобаларға қатысып, халықаралық әріптестермен және де мүмкіндігінше тағылымдама кезінде байланыс орнатқан ғалымдардың қатысуымен экология саласында зерттеу тәжірибесін дамытып, жаңа жобалар ашу. Тағылымдама барысында алған білімім мен тәжірибемді студенттерге заман талабына сай білім беру үшін қолдануға тырысамын.

- Болашақта шет елде жұмыс жасау ойыңызда бар ма?

- Менің ойымша, заманауи университет ғалымы шетелдік университеттен ғылыми тағылымдамадан өтуі дұрыс болар еді. Оның

халықаралық ғылыми байланыстарды нығайта отырып, шетелдік әріптестермен ынтымақтастық орнатуға, тәжірибе алмасуға және өз елінде озық тәжірибелерді енгізуге көмектеседі.

P. S. Кейіпкерге сауал жібергенде, уақыт айырмашылын ескермеппіз. Біз Қазақстан уақытымен 11:03-те жазғанда, АҚШ-та түнгі 00:06 кеткен екен. Рахат Хамитұлы, түсіністікпен қарап: “мен ұйықтап алайын, таңертең жіберемін” деп әзілдеп жауап берді. Осылайша 13 сағат айырмашылықпен сырлы да әсерлі сұқбаттың реті келді. Уақыт айырмашылығына қарамастан, уақыт бөліп сұқбаттасқаныңызға рақмет!

Назерке ШАРАПАДДИН,
«Медиа орталық» жетекшісі



ТІЛ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДАҢАҢ ҮДЕРІСІ

Адамның жер бетінде пайда болған сәтінен бастап қазіргі кезге дейінгі даму жолын түрлі шытырман оқиғалар желісімен түсіндіріледі. Аң аулап, үңгірде тұрып жүрген адамның қолына гаджет алып, айшылық алыс жерден хабар алысып, космосқа ұшып, роботтар мен ұшатын машина жасауы ерекше мақтан тұтатын өзгеріс. Сол прогреске әкелген заттар мен құбылысты, себепті санамалап айта беруге болар еді. Десек те, адамды адам еткен — тіл. Тілдің шығуы — адамның әлеуметтік тіршілік иесіне айналуының алғышарты болды. Сөздің пайда болуы адамдар арасындағы қатынасты жетілдіріп, қоршаған орта құпиясын ашатын ойлаудың жаңа сатысын туғызды.

«Неге бір адам тілді тез, ал бірі баяу үйренеді?» деген сұрақты ашып қарасак. Бұл бәріміздің де ойымызға келген шығар. Өзімізден жасы кіші болса да бірнеше тілді меңгеріп алған балаларды көріп жүрміз. Әрине, әр адамның қабылдауы әртүрлі, бір адамдар тілге (гуманитарияға) қарағанда жаратылыстану ғылымына жақын деген сияқты жалпылама дәлел сөздер көп. Бірақ іздене келе ғылымда дәлелденген мына жауапты ұсынғын келеді. Мидың ішкі құрылымында түрлі операциялар орындауға қатысатын нейрондар болады. Бұл нейрондар өзара синапс (байланыс түзілген аймақ) арқылы байланысады. Адамның миындағы осы нейрондар байланысы неғұрлым берік болған сайын адам әлдебір әрекетте шеберлікке жетеді. Мысалы, акробаттар трюктарын емін еркін жасайды. Себебі олардың миында өзінің айналасы, биіктігі, айналып түсетін нүктесі туралы синапстар жақсы қалыптасқан. Дәл сол сияқты көп жаттыққан волейбол ойыншысының добын алыстан ақ себетке түсіре алады. Түсінгеніміздей жаттыққан ми үшін істің оңай-қиыны жоқ. Тек біздің миымызда үйренетін тіл туралы маңыздылық, ақпарат, нейрондық байланыс аз. Тілден басқа да ғылымның саласымен айналысқан болсаңыз, сізге тілді оқу процесі жеңіл болады.

Ана тілдің табиғатын түсіну — екінші тілді үйренудің кілті

Жас ұлғайған сайын ес пен ойлау арасындағы қатынастар өзгереді деп айттып жатады. Сол үшін де адам бала кезінде ана тілін ойнап жүріп-ақ үйреніп кетеді. Ал шет тілін меңгеру қажеттілігі өсе келе туындаған соң, қиындықтар пайда болады. Л.С.Выготскийдің «бір жарым жылдан бес жылға дейінгі уақыт аралығы, бұл тілдік ерекшеліктерді түсіну, өмірлік, тұрмыстық, ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыру, баланың сөйлеуінің туу мерзімі» деген пікірін мысалға алсақ, бала 4-5 жасқа дейін өз ана тілінде толық сөйлеп үйренеді. Сәйкесінше шет тілін үйренуге сондай ұзақ уақыт жұмсауымыз да қалыпты. Бірақ дәл осы тұста бір сұрақ туындауы мүмкін «адам жасы келе есті бола түссе, неге шет тілін үйрену ұзақ уақыт алады?» деп ойлаймыз. Біріншіден, ана тілінде оның қоғамдық ортасында көптеген адам сөйлейді, яғни тығыз байланыс бар. Екіншіден, бала ана тілін материалдық қажеттілігін қағанаттандыру үшін үйренеді, яғни тамақтану, қорғану, сұрау, алмасу сияқты. Солай маңыздылығын сезінеді. Ал шет тілін үйрену мұндай маңыздылық

бермеуі мүмкін, қоғамдық ортада қажеттілік тумайды. Үйрену үшін ниет пен зейін, тәртіп талап етіледі. Осы жерден тіл үйренуде қоғамның қандай әсері бар екенін айта аламыз. Қоғамнан сұраныс болмаса, адамның үйренуі екі талай. Соңғы бесжылдықта үш тілділік мәселесі көп көтеріліп келеді және мектеп жүйесіне де енгізілді. Бірақ соңғы жылдарда 1 сыныптан бастап үйрену алып тасталынды. Себебі бала өз ана тілін еркін меңгермей, өзге тілді үйренуінен ешқандай пайда жоқ. «Бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі адамсың» деген көркем сөз, ойымызды қағанаттандырады. Бала өз тілінде ойын қалыптастырмай, тұлға болмай екінші тілді үйренбегені абзал. Ес тыпс қоғамның белгілі топтарымен араласып көру арқылы туған қажеттілігі өнімдірек. Өз ана тілінің ерекшелігін, табиғатын түсінген жанға ғана екінші тіл сапалы түрде санасына бекиді, тіпті адамның өзге тілден хабары аз, тәжірибесі жоқ болса да.

Ағылшын тілін үйрену зиянды болуы мүмкін бе?

Құрметті оқырман, сіз де әлемдік жаһандану процесінен хабардар боларсыз. Қазіргі адамзаттың дамуында жаһандану — әлемнің тұтастығын, өзара байланысын, тәуелділігін және интегралдылығын қалыптастырушы тенденция болып отыр. Сонымен қоса, мемлекеттер мен ұлттар арасындағы мәдени бірегейлікті арттырып жатыр. Мысалы, киіну стиліміз, жейтін тамақтарымыз, қарап жүрген киномыз бен оқитын кітаптарымыз, тіпті өмірлік құндылықтарымыз бен үйренетін тілдеріміз де үксас. Әрине халықтардың ауызбіршілігін жақсартып, мәдени деңгейін арттыратыны рас. Алайда бұл мәдени бірегейлік қаншама ұлттың құндылығының, салт-дәстүрлерінің және тілдерінің жойылуына алып келді. Жастар арасында корей, жапон, ағылшын мәдениеті аса танымалдылыққа ие. Олардың шығарып жатқан бүкіл өнімдері әлемнің түкпір-түкпірінде бар, қолданыста көп. Бұл сол елдердің жаһандану үдерісінен өз мәдениетін сақтап қалуының бір амалы ретінде түсінілуі қажет. Десек те осының әсерінен өзге ұлт өкілдері, балалар осы елдердің мәдениетіне еліктеушілігі өршіп, ұлттық мәдениеті назарсыз қалуға.

1,5-2 млрд адам еркін меңгерген ағылшын тілі де жаһанданудың бір бөлшегі. Ағылшын тілін білу қаншама жабулы тұрған есікке, табыспенжетістіктіктерге жолашады. Ағылшын тілі бүгінде — әлемдік сауда тілі, ғылым тілі, жаңа технологиялық өнімдер тілі, еларалық негізгі қарым-қатынас тілі. Сол үшін де бұны үйрену өзекті. Біздің жағдайымызда қазақ қоғамында ағылшын тілін үйренушілер мен үйретушілер біршама. Бұл, әрине қуанатын жағдай. Алайда ағылшын тілін үйренуші және болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне маңызды болған бір тұс бар. Ол тіл мен бірге келетін мәдениет пен идеологияның беретін зияны. Бір қараған адамға оның еш әбестігі болмауы мүмкін, тіпті, сіз де солай тілді үйреніп кеткен болуыңыз мүмкін. Бірақ бұл жаңадан өсіп келе жатқан еліктегіш ұрпаққа әсер ете алады. Негізі тілді меңгеру тек сөз жаттап, сол тілде кітап оқып, кино қарау емес. Сіз үйрену барысында сол халық туралы тарихынан бастап құндылық, мәдениет, саясат, өмір сүру деңгейіне дейін көптеген мәлімет аласыз. Егер баланың өз мәдениетінен хабары аз болса немесе жеткілікті түрде насихатталып, көркем жеткізілмесе, бекімесе бала өз ұлттық құндылықтарынан ада қалып, үйреніп жүрген мәдениетін қолдана бастайды, соны қызық, әрі дұрыс көре бастайды.

Нақтырақ айтсақ, бала тіл үйреніп отырып, ата-анамен, қоғаммен қарым-қатынасын кинолардан көреді, неше түрлі әуенін естіп ұнатып қалады, қысқаша айтқанда, сол елдегі адамдардың өмір сүру стандарттарын қабылдайды. Өкініштісі, дұрысы мен бұрысын, керегі мен керексіз тұсын ажырата алмайды. Айтылғандарды екінші тілді үйретушілердің аса назарда ұстауы қажет нәрсе деп түсінеміз. Біз қоғамның саналы мүшесі ретінде сұрыпталуымыз керек. Мүлде өзге тіл үйренбеу керек деген сөз емес.

Қорытындылай келе, адам өкпесінен пайда болған ауаның түрлі кедергілерге ұшырап не ұшырамай шығып дыбысқа айналуында, сол дыбыстардың кездейсоқ емес, қисынды қосылуында бір мағынаның болуы, ол мағынаны басқа адамдардың түсінуінде үлкен сыр жатыр.

**Талшын АДІЛБЕК,
АЯ-22-9 оқу тобының студенті**



Жан-жақты жарқыраған жас жұлдыздар

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің мақтанышы, жас химик Динара Шамсудин – бірінші курс студенттері арасында ерекшеленетін дарынды тұлға. Ол өзінің табандылығы мен ізденімпаздығының арқасында білім мен ғылым саласында бірқатар жетістікке жеткен.



Динараның білім жолындағы алғашқы қадамдары мектеп қабырғасынан-ақ айқын болды. Ол Қазақстан білім олимпиадасынан 3-орын иеленіп, өз білімі мен қабілетін дәлелдеді. Сонымен қатар, Республикалық жас өспірім олимпиадасының облыстық кезеңінен тағы да 3-орын алып, үздік оқушылар қатарында танылды. Химияға деген ерекше қызығушылығы оны осы пән бойынша облыстық олимпиадада екі мәрте қола жүлдегер атануға жетеледі.

Бүгінде Динара Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің химия мамандығында мемлекеттік грант иегері

ретінде білім алуда. Өзінің тынымсыз еңбегі мен білімге деген құштарлығының арқасында ол болашақта ғылым саласында тың жаңалықтар ашады деген сенімдеміз.

Динара Шамсудин – тек оқу үлгерімімен ғана емес, сонымен бірге өзіне деген сенімділігімен, белсенділігімен және мақсаткерлігімен ерекшеленетін тұлға. «Біздің ONE» қатарынан көрінген Динараға университетіміздің атынан сәттілік тілейміз және үлкен биіктерді бағындыра беруіне шын жүректен тілекшіміз!



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабырғасында білім алып жатқан ШТ-24-3 оқу тобының студенті Алина Орынбасар – шығармашылық пен білімді ұштастырған нағыз дарынды тұлға. Оның жетістіктері мен көпқырлы қабілеттері жас буынға үлгі боларлықтай.

Алианың шығармашылық саласындағы табыстары ерекше көзге түседі. Бурабай қаласында өткен республикалық шығармашылық жарыста 1-орынға ие болып, өнерімен көпшілікті таңғалдырды. Сондай-ақ, «Ғұмырдария» республикалық шығармашылық байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Оның бұл жетістіктері тек еңбек пен талантының нәтижесі ғана емес, сонымен бірге алға қойған мақсаттарына деген табандылығының айқын дәлелі.

Дебат саласында да Алина өзінің көшбасшылық қабілетін көрсетті. Облыстық дебат ойындарында 1-орын иеленіп, шешендік өнердің биігіне шықты. Мұнымен қоса, ол тіл білімінде де озық нәтижелерге қол жеткізді. IELTS халықаралық емтиханынан 5,0 балл жинап, ағылшын тілін меңгергенін дәлелдеді, ал түрік тілі бойынша А2 деңгейін сәтті игерген.

Бүгінде Алина Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алып, өз мүмкіндіктерін одан әрі дамытуда. Оның көпқырлы жетістіктері, еңбекқорлығы және жан-жақты таланты арқылы университетіміздің мақтанышына айналатыны анық.

Тәуелсіздік ең қымбат қазынам

Редакцияға хат

Тәуелсіздік алу дегеніміз – барлық адамзаттың, елдің, ұлттың, азаматтығы, еркіндігі. Біздің тәуелсіз елімізде бақытты, емін-еркін өмір сүріп жатырмыз. Тәуелсіз мемлекет – өз алдына дербес, ұлттық тілі бар, өз мәселесін өзі шеше алатын, ешкімге тәуелді емес ел. Тәуелсіздік – бабалар аңсауы мен ұрпақтарының қолы жеткен ең қымбат қазынам, байлығымыз. Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың ащы терімен келген біздің тәтті жеңісіміз.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алуының тарихы тереңде жатыр. Еліміздің егемендік алған күні, яғни тәуелсіздік мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында тойланады. Тәуелсіздікке қол жеткізу оңай болған жоқ, көптеген аға-әпкеміз еліміздің болашағы үшін соңғы демдері қалғанша күресті. Өткен тарихымызға үңіліп қарасақ, азаматтығымызды, еркіндігімізді алу үшін 200 жыл қажет болған. Еліміздің еркіндігі үшін мыңдаған, миллиондаған батырымыз қаза болды. Біз тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз деген осы бір ғана сөздің өзі үлкен қуаныш, абырой, мақтаныш. Осы бір сөзді айтар кезде ең алдымен өзіміздің қайсар, мықты, батыр аға-әпкелеріміз есімізге түсері анық. Тәуелсіздік батыр бабаларымыздың шайқастағы ерең ерліктері, төккен қанымен тең. Бабаларымыздың армандап кеткен тәуелсіз мемлекетінде қазір біздер өмір сүріп жатырмыз. Бабаларымыздың басты

арман-мақсат тек соғыста жеңіске жетіп, уақытша болса да басқаларға тәуелді болмау емес, керісінше ашық аспанда, ұйқыдан қорқынышсыз ояну, ешкімге тәуелді болмай қазақ халқының мәңгілік тәуелсіз ел болуы еді. Осы тәуелсіздікті бізге өздерінің асыл, ең қымбат қазынасы етіп қалдырды. «Түбін білмеген тексіз» деп бекер айтпаған. Тәуелсіздіктің бізге қандай қиыншылықпен келгенін, әрбір қазақтың ұл-қыздары білуі тиіс өте терең тарих деп білемін. Менің ойымша тәуелсіздік бұл, қаншама батырымыздың жаны пида болған, тәтті арман, батырлық пен бірліктің арқасында келген қуанышты, сәтті жеңіс.

Сәтті жеңістің арқасында тыныштық заман орнады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп мақтанышпен айқайлап айта аламыз. Тәуелсіздігіміздің бастауы 1986 жылы 16 желтоқсанда жатыр. Тәуелсіздік жолында бірлігімен, батырлығымен, батылдығымен, ерен еңбегімен қаза болған аға-әпкелерімізді құрметпен, сағынышпен еске аламыз, алғысымыз да шексіз.

Бүгінде еліміз, Отанымыз – Қазақстан күннен-күнге дамып, дамыған 50 ел қатарына кіріп, ел тірегі – Ата заңын 1995 жылы 30 тамызда қабылдап, барлық әлемге танылып жатыр. Тәуелсіздікті мәңгі сақтап тұру – жас ұрпақ, яғни біздің қолымызда. Сол үшін де біз білім алып, білімді, саналы ұрпақ болуымыз керек және де ұлтқа, руға бөлінбей бірлігімізді

сақтауымыз керек. «Бөлінгенді бөрі жейді» деп бекер айтылмаған.

Осы тәуелсіздікті алу үшін қаза болған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев сияқты батыр аға-әпкелерімізді ұмыту мүмкін емес. Тәуелсіздік алу жолындағы бас қаһарман Қайрат Рысқұлбековке жала жабылды. Сот Қазақ ССР-і қылмыстық істер кодексінің 173-бабының 1-тармағына сәйкес ату жазасын берді. Осылай әділетсіз соттың, саясаттың кесірінен қаншама батырымыз көз жұмды. Қайрат ағамыз 1988 жылы 21 мамырда қаза болды. Ал, Ләззат әпкеміздің қазасы әлі күнге дейін жұмбақ, белгісіз. Ербол Сыпатаев ағамыз үйінің жалғыз еді. 1986 жылы 18 желтоқсанда 20:00-де ауруханаға бас сүйегі мен иығының ауыр жарақат алған күйінде жеткізілді. Дәл осылар сияқты қаншама жастарымыз із-түссіз жоғалып, қаза тауып, қасық қандары қалғанша шайқасты десеңші. Міне, осы үшін де «Тәуелсіздік – ең қымбат қазынамыз». Тәуелсіздікті алудан оны сақтап қалу қиын. Сол үшін де біз ең қымбат қазынамызды сақтап қалу үшін қолымыздан келгенді аянбауымыз керек, елдің бірлігін сақтауымыз керек, қазақ тілін дамытуымыз керек. Тәуелсіздік – еліміздің дамуының алғашқы бас Тамасы. Қолымызда бар алтын, қазынамыздың қадірін білейік.

Нәзерке МАМАТ,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

| | | | |
|--|---|---|--|
| <p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPU00077786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p> | <p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Б.С.КӨРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Г.Д.УЗЕЛБАЕВА - Тұлғалар қауымдастығының төрайымы</p> | <p>Жауапты редактор: Азамат Абинолла</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Алданышұлы</p> | <p>SYR TULEGI student jastar gazetі</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшірiлiп басылса, сiлтеме жасалуға мiндеттi.</p> |
|--|---|---|--|